

**Жамбыл облыстық қазақ драма театрының қазіргі уақыттағы
(2019 жыл) басшылары және мемлекеттік жоғары атақ-дәрежелері бар
ардагер артистері**

Бекжанов Болат Үмбетәліұлы



Бекжанов Болат Үмбетәліұлы 1958 жылы 4 карашада Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылында дүниеге келген.

2014 жылдан бері Жамбыл облыстық қазақ драма театрының директоры, әрі театрдың Көркемдік кеңесінің төрағасы.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері. Қазақстан Жазушылар Одағының және Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының мүшесі.

Театр-көркемөнер режиссері және журналист мамандықтарын меңгерген. 1977 жылы Жамбыл мәдени-ағарту училищесін театр-көркемөнер режиссері мамандығы бойынша, одан соң Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Б.Бекжанов еңбек жолын 1978 жылдың 1 қаңтарынан Жамбыл облыстық қазақ драма театрында актер болып бастады. Осы өнер ордасында 1982 жылдың қазан айына дейін қызмет жасап, киелі сахна төрінде сан алуан образдарды сомдау арқылы тамаша актерлік шеберлік мектебінен өтті. 1979 жылы драматург Ә.Қалдыбаевтың жасөспірімдерге арналған «Шаншар атай» драмасында басты роль - Саматай образын үлкен шеберлікпен сомдап, сол кездегі Бүкілодақтық театр фестивалінің лауреаты атанды.

1982 жылдан Талас ауданындағы Жамбыл облыстық кәсіподақтар комитетіне қарасты Мәдениет үйінің директоры қызметін атқара жүріп, халық шығармашылығы жұмыстарының жандануына зор үлес қосты. Осы жылдары халық шығармашылығының, оның ішінде, әсіресе, халық театрының тамаша ұйымдастырушысы болып танылумен қатар, өзін

ізденімпаз журналист, қарымды қаламгер, қаламы өткір сатирик, шабытты ақын, нәзік сезімді сазгер ретінде де жан-жақты дарынымен мойындата бастады.

Б.Бекжанов 1989 жылы Жамбыл облыстық телерадиокомитетіне режиссерлық қызметке шақырылып, осы ұжымда 1992 жылға дейін редактор, аға редактор қызметтерін атқарды. 1992 жылы Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетіне әдеби қызметкер болып ауысты. 2005 жылы жаңадан ашылған Жамбыл облыстық «Ар-Ай» жастар газетіне бас редактор болып тағайындалып, осы газет жұмысының қалыптасып, жақсы жолға қойылуына, тұрақты оқырмандары мен авторларының көбеюіне көп еңбек сіңірді. 2010 – 2014 жылдары Тараз қалалық «Жамбыл – Тараз» газетінде бас редактор қызметін атқарып, газет материалдарының сапалық деңгейін көтерумен қатар, көптеген ел оқитын жаңа айдарлар мен арнайы беттер ашуды қамтамасыз етті.

Б.Бекжанов бүгінде Жамбыл облыстық қазақ драма театры директоры қызметін де үлкен шығармашылық жетістіктерге қол жеткізе отырып, атқаруда. Театр репертуарына өз еліміздің, сондай-ақ, шет ел классиктерінің де кеңінен танымал туындыларын енгізуді, сонымен қатар, әр түрлі оқиғалы комедияларды, балаларға арналған ертегілер мен шағын сюжетті спектакльдерді жиі қоюды да жолға қойды.

Б.Бекжанов Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі ретінде, осы одақтың игі бастамалы жұмыстарына да белсенді түрде ат салысып, белгілі драматургтермен тұрақты байланыс ұстау нәтижесінде, театр репертуарын жаңа туындылармен байытып отыруға үлкен мән беріп келеді.

Қазіргі кезде өзі де әлденеше драмалар мен балаларға арналған пьесалар және комедиялар жазып, драматургия саласында өнімді еңбек етуде.

Ол, бүгінде Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының мүшесі және Республикалық «Театр KZ» журналын ұйымдастырушылардың бірі және қоғамдық негіздегі бас редакторы ретінде, сол саладағы қоғамдық қызметтерін де үлкен абыроймен атқарып келеді.

Б.Бекжанов бірнеше прозалық, поэзиялық және сатиралық кітаптардың және көптеген әндердің авторы. Драмалары еліміздің театрларында сахналанып келеді. Үздік драматургиялық шығармалары үшін 2012 жылы республикалық «Еңлікгүл» кәсіби сыйлығы бойынша «Жыл драматургі» номинациясының лауреаты атанды.

Ақурпеков Мәлік Дүйсебайұлы



Ақурпеков Мәлік Дүйсебайұлы, 1978 жылы 2 желтоқсанда Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданында дүниеге келген.

2015 жылдан бері театрдың Көркемдік жетекшісі. Халықаралық және Республикалық театр фестивалдарының лауреаты.

Еңбек жолын 1995 жылы Т.Рысқұлов ауданындағы Алғабас ауылында жұмысшы болып бастаған.

2004 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін бітірген.

2002 жылы Жамбыл облыстық қазақ драма театрына актерлық жұмысқа қабылданған.

Осы уақыт аралығында қасиетті сахнада әр түрлі жанрлардағы көптеген драмалық қойылымдарда 30-дан аса басты рөлдерді сомдады.

Олардың ішінде көрермен мен театртанушылардың ерекше ықыласына бөленген рольдері: У.Шекспирдің «Отеллосындағы» - Отелло, Г.Гориннің «Атың өшсін, Геростратындағы» - Герострат, Ә.Әмзеұлының «Кейуана» драмасындағы – Құрбан, М.Байджиевтің «Құдалар» драмасындағы – Есет, О.Бодықовтың «Жан азабында» - Мұқағали, «Қызғыш құс» моноспектаклінде – Махамбет, Баймағамбет сұлтан, Ықылас, Мұқағали, Е.Әлімжанның «Полковниктің жазбаларында» - Бауыржан Момышұлы, У.Шекспирдің «Ричард-III» трагедиясында – Ричмонд, Д.Исабековтің «Тыныштық күзетшісінде» - Өкіл, М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде» - Есен батыр, Б.Мұқайдың «Сергелдең болған серілер» комедиясында – ИКС, М.Хасеновтің «О, Махаббат!» комедиясында – Есен, Н.Оразалиннің «Қилы заман» драмасында - Прокурор рольдерін айрықша шеберлікпен сомдап, театртанушылар тарапынан лайықты бағасын алды.

2015 жылдың қазан айында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай сахналанған Қ.Ысқақ пен Ш.Құсайыновтың «Қазақтар» тарихи драмасында сомдаған Қасым хан ролі үшін мереке ұйымдастырушылары мен облыс әкімдігі тарапынан лайықты марапаттауларға ие болды.

М.Ақурпеков киноактер ретінде де бірнеше фильмдерде басты рольдерді сомдаған.

Ол, сондай-ақ, театр режиссурасында да өзіндік қолтаңбасымен танылып, сахналаған қойылымдары көрермен мен театртанушылар тарапынан лайықты бағасын алған талантты режиссер. Оның әр жылдары балаларға және ересектерге арнап сахналаған шығармалары театр репертуарынан берік орын алған. Ол сахналаған қойылымдар ішінде А.Володиннің «Қос жебе» драмасы, Б.Бекжановтың «Өмір» атты психологиялық драмасы театртанушылар мен көрермендер тарапынан лайықты бағаларын алған.

Театрдың Көркемдік жетекшісі ретінде, ағымдағы репертуар мен жаңа қойылымдарды талдап, сараптау кезінде жоғары біліктілігі мен білімпаздығын танытып, өзіне жүктелген міндеттерді үлкен белсенділікпен атқарады.

Балаларға арналған «Жақсы шәкірт» және т.б. бірнеше ертегілердің авторы ретінде танылып, драматургтік қолтаңбасы қалыптасқан қаламгер.

Ол, облыс көлемінде өткізілетін түрлі мерекелік және басқа да мәдени-көпшілік іс-шаралардың сценарийлерін жазып, ұйымдастыруда үлкен шеберлігімен танылған мықты ұйымдастырушы.

Республикалық Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлері байқауының 1-ші орын иегері. Б.Момышұлының 100 жылдығына орай қойылған «Полковниктің жазбалары» спектакліндегі Бауыржан бейнесін сомдағаны үшін ҚР Мәдениет министрлігінің арнайы дипломымен, бірнеше рет Республикалық және Халықаралық театр фестивальдарының лауреаты жүлделерімен, Жамбыл облысы әкімінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Салықова Нұрсифат Рақымбайқызы



Салықова Нұрсифат Рақымбайқызы 1938 жылы 10 маусымда Семей облысы Жарма ауданы Құдас ауылында дүниеге келген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері.

1954 жылы Семей облысындағы Шалабай совхозында Н.К.Крупская атындағы мектепті бітірген. Мектеп бітірген соң 5-7 класстарға тарих пәнінен дәріс берген.

1956 жылы жолдасы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Мақсұт Салықовтың Жамбыл облыстық қазақ драма театрына қызметке тұруына байланысты, Жамбыл қаласына көшіп келген.

Салықова Нұрсифат Рақымбайқызы 1959 жылы Жамбыл мәдени-ағарту училищесінің театр бөлімін бітіріп, облыстық қазақ драма театрына актриса болып қабылданған. Ол, сол, 1959 жылдан бері театр сахнасынан түспей, өнер жолына үздіксіз қызмет етіп келеді. Осы жылдар аралығында 100-ден аса рольдерді сомдап, аса қабілетті өнер иесі екенін танытты.

Соңғы жылдары театр репертуарындағы Ш.Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған» спектаклінде - Сары әже, Қ.Демешевтің «Аюдың түсі» қуыршақ қойылымында - Асыл әже, М.Байжиевтің «Тіл табысқандар» комедиясында – Болдухан, И.Содиковтың «Әпендінің бес қатыны» комедиясында - Пейіш, С.Балғабаевтың «Қыз жиырма толғанда» мелодрамасында - Ана, М.Томанов пен М.Ахмановтың «Екі дос» ертегісінде – Қой және басқа да қойылымдарда көптеген рольдерді сомдап келеді.

Бірқатар телефильм және көркем фильмдерде негізгі кейіпкерлер рольдерін сомдаған. Олардың ішінде, әсіресе, 2015 жылы түсірілген Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбай» кинофильмінде Құнанбайдың анасы Зеренің ролінде ойнап, ерекше актрисалық шеберлігімен танылып, осы еңбегі үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» атанды.

Бүгінде зейнеттік демалыста болса да, киелі сахнада түрлі образдарды сомдауға белсенді қатысады. Елу жылдан аса сахнамен бірге жасасып келе

жатқан еңбек ардагері кейінгі жас буын өкілдеріне театр тарихы мен өмірі жайлы тағылым айтып, тәлімгерлік үлгі-өнеге көрсетіп отырады.

Рахымжанова Мәкен Рахымжанқызы



Мәкен Рахымжанова 1952 жылы 7 сәуірде Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы Жаңа шаруа ауылында туылған.

«Қазақстанның халық артисі» атағының және «Құрмет белгісі» орденінің иегері.

1972 жылы Қазақтың Мемлекеттік Академиялық Еңбек Қызыл Ту орденді М.Әуезов атындағы академиялық драма театры жанындағы театр студиясын актер мамандығы бойынша бітірген. Одан кейін М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін мәдени шараларды ұйымдастырушы мамандығы бойынша аяқтаған.

М.Рахымжанова 1972 жылдан бері, 40 жылдан аса уақыт бойы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында үзіліссіз еңбек етіп, бар өнері мен рухани күш-қуатын актерлік қызметке жұмсап келеді.

Ол осы уақыт ішінде театр тарихында өзіндік биік орны бар, сахна өнерінің айтулы саңлағына айналған белгілі актриса. Бар ғұмырын театр өнеріне арнап келе жатқан ол, бүгінгі дейін 100-ден аса сахналық қойылымдарда тек қана басты рольдерді сомдапты.

Кезінде оның М.Әуезов, Ә.Тәжібаев, Қ.Мұхамеджанов, С.Шаймерденов, О.Бөкеев, Ә.Тарази сынды және басқа да қазақ жазушылары мен классиктерінің, сондай-ақ, В.Шекспир, М.Шолохов, А.Чехов және т.б. орыс және әлем классиктері туындыларының басты кейіпкерлерін сахнаға шығарудағы кәсіби актрисалық шеберлігі сан мәрте мойындалып, оның театр өнерінде алған асу-биігі театртанушылар тарапынан да, көрермен халық тарапынан да өзінің лайықты бағасын алған.

Ол, кейінгі жылдары театр репертуарындағы В.Шекспирдің «Ричард III» спеттаклінде - Королева Маргарита, М. Байжиевтің «Құдаларында» - Сайраш, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында» - Мақпал, Ж.Мольердің «Бәледен құтылдың медицина!» комедиясында - Николь, Е.Уахитовтың «Алтын дуалында» - Хадиша, М.Шахановтың «Танакөзінде» - Ана, Ә.Әмзеевтің «Қара кемпірінде» - Қали, Д.Исабековтің «Тыныштық күзетшісінде» - Хадиша, Ш.Мұртазаның «Домалақ анасында» - Рух рольдерін және басқа да шығармаларда көптеген басты рольдерді сомдап келеді.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің, сондай-ақ, Тараз Мемлекеттік педагогикалық институтының білімгер-студенттеріне өзінің актрисалық өнері мен шығармашылық жұмыстарындағы жетістіктерін үйретіп, ұстаздық етіп, театр өнері саласына шәкірт тәрбиелеуді де негізгі жұмысымен ұштастыра отырып, жүргізіп келеді.

М.Рахымжанова театр өнері мен жастар тәрбиесіндегі осындай зор жетістікті шығармашылық, ұстаздық қызметі үшін 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденмен марапатталса, 1986 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі», 1996 жылы «Қазақстанның халық артисі» атақтарына ие болған.

Сейілхан Асқарбек Ақылшаұлы



Сейілхан Асқарбек Ақылшаұлы 1950 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданында дүниеге келген.

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі» атағының иегері, Қазақстан Республикасы Журналистер және Театр қайраткерлері Одағының мүшесі.

1973 жылы Құрманғазы атындағы өнер институтын театр және кино актері мамандығы бойынша бітірген.

1973 – 1995 жылдары Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ драма театрында актер, директордың орынбасары, директор қызметтерін атқарған.

1995 – 2010 жылдары «Қазақстан» РТРК» АҚ Жамбыл облыстық филиалында режиссер, редактор, комментатор шолушы, директордың орынбасары – бас редактор қызметтерін атқарды.

2010 – 2013 жылдары Жамбыл облыстық қазақ драма театрының директоры қызметін атқарды.

2006 – 2013 жылдар аралығында негізгі жұмысына қосымша ұстаздық қызмет атқарып, М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Журналистика» бөлімінде, кейін «Өнер және мәдениет» кафедрасында студенттерге дәріс оқып, сабақ берді.

2013 жылдан бері М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Өнер және мәдениет» кафедрасында аға оқытушы болып тұрақты ұстаздық қызмет атқарып келеді, әрі Жамбыл облыстық қазақ драма театрында актерлық қызмет атқарады.

Қоғамдық жұмыс ретінде – Жамбыл облыстық қазақ драма театрының ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін қоса атқаруда.

Театр өнері жолында сахнада барлығы 100-ден аса қойылымдарда басты, негізгі рольдерді сомдап, сол еңбегі үшін 1990 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі атағына ие болған.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай сахналанған Қ.Ысқақ пен Ш.Құсайыновтың «Қазақтар» атты тарихи драмасында қазақтың тұңғыш ханы Керей хан образын сомдап, осы тарихи мерекені ұйымдастыру комитетінің алғысына ие болды.

Көптеген драмалардың қоюшы-режиссері.

2015 жылы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Құнанбай» фильмінде Сарыбай бидің ролін, «Сиырдың сергелдеңі» телефильмінде Шал ролін ойнаған.

Шығармашылық бағытта да елеулі табыстары бар. Мәдениет, өнер тақырыптарындағы жүздеген зерттеушілік, өнертанушылық мақалалар мен телефильмдердің авторы. Облыстағы халық театрларының мәдени-көпшілік қызметі мен шығармашылық толысуын жақсартуға да көп еңбек сіңіріп келеді.

Алимбетова Майра Жалмұханбетқызы



Алимбетова Майра Жалмұханбетқызы, 1952 жылы 16 шілдеде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында дүниеге келген.

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі» атағының иегері.

1978 жылы Москва қаласындағы Щепкин атындағы Жоғары театр училищесін бітірген. 1978-1981 жылдары Торғай облыстық драма театрында актриса қызметін атқарған.

1981 жылдан бастап Жамбыл облыстық қазақ драма театрында актриса қызметін үзіліссіз атқарып келеді. Осы жылдар ішінде театр сахнасында 100-ден аса рольдерді сомдау нәтижесінде, актерлік шеберлігі толысып, жетілген білікті сахна шебері ретінде танылды.

М.Алимбетова өзі сомдаған басты рольдер ішінде, әсіресе: М.Әуезовтің «Қаракөзіндегі» - Қаракөз, «Еңлік-Кебегіндегі» - Еңлік, «Қара қыпшақ Қобыландысындағы» - Қарлыға, У.Шекспирдің «Гамлетіндегі» - Гертруда, «Ричард-III-індегі» - Елизавета, Д.Исабековтің «Әпкесіндегі» - Гауһар, «Кішкентай ауылындағы» - Шәмсия, Т.Ахтановтың «Антындағы» - Батима ханым және басқа да көптеген рольдерді өте сәтті де тартымды шығарып, театртанушылар мен көрермендер тарапынан лайықты бағасын алып, талай биіктен көрінген. Көптеген Республикалық және Халықаралық театрлар фестивалінде жүлделі орындарға ие болған.

Актрисаның соңғы жылдары сомдап келе жатқан Ш.Мұртазаның «Домалақ анасындағы» - Марау, С.Сматаев пен Т.Теменовтің «Көгілдір таксиіндегі» - Мариям, И.Содиковтың «Әпендінің бес қатынындағы» - Фатима және басқа да ролдері де - һас шебердің өнердегі жан-жақты шеберлігі нәтижесінде жасалған жанды образдар екендігі мойындалып келеді.

Ол 2011-2013 жылдары Жамбыл облыстық қазақ драма театрының көркемдік жетекшісі қызметін атқарып, театрдың шығармашылық толысу дәрежесінің артуына көп үлес қосты. Театрдың Көркемдік кеңесінің мүшесі ретінде де, көптеген игілікті жұмыстар атқарып келеді.

Осындай айтулы еңбектері нәтижесінде, ол, 1986 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің дипломымен, 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталса, 1996 жылы Жамбыл облысы әкімінің «Тараз рухы» сыйлығының, сондай-ақ, Москвадағы «Әлем халықтары өнері» ассоциациясының лауреаты атанды. 1998 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

. Өзінің саяси білімін үнемі жетілдіріп отырады. «Нұр Отан» ХДП-ның бастауыш ұйымы жетекшісі қызметін белсенділікпен атқарғаны үшін 2007 жылы «Нұр Отан» ХДП Саяси кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

М.Әлімбетова Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының мүшесі әрі Тараз Мемлекеттік педагогикалық институтының доценті ретінде, өзінің актрисалық өнері мен шығармашылық жұмыстарымен қатар, ұлағатты ұстаздық қызметпен де айналысып, театр өнері саласына шәкірт тәрбиелеуді де өзара ұштастыра отырып, үлкен біліктілікпен атқаруда.

Қыпшақова Гүлшат Нүсіпжанқызы



Қыпшақова Гүлшат Нүсіпжанқызы, 1958 жылы 23 желтоқсанда Жамбыл облысы жеріндегі Хантәңірі баурайында дүниеге келген.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегері.

Т.Жүргенов атындағы мемлекеттік театр және көркемсурет институтының драма және кино актрисасы бөлімін бітірген.

Жамбыл облыстық қазақ драма театрында 1979 жылдан бері еңбек етіп келеді.

Республикалық және Халықаралық театр фестивальдерінің лауреаты. Әнші, биші және шығармашылық ұйымдастыру қабілеті аса зор ұлағатты ұстаз-актриса. Шәкірттерінің алды түрлі фестивальдердің лауреаты атанып, өзімен бірге және өзге театрларда жемісті қызмет етіп келеді.

Актриса Г.Қыпшақова В.Шекспирдің Дездемонасынан (1979 ж) кейін, Офелиясын (1985 ж), Титания (1986 ж), Леди Аннасын (2004 ж) және қазақ арулары Баянды (1979 ж), Еңлік (1984 ж), Айман (1991 ж), Құртқа (1997 ж), махаббат пен сұлулық пірі атанған Айша бибіні (1987 ж), қасиетті анамыз – Домалақ ана Нүрилланы (2009 ж) және символиялық бейнелердің шебері: Ай, Жаз, Махаббат, Ана Дала, қырық шілтендер падишасы Титанияны және Жер Ана (2011 ж) т.с.с.; ал ертегілерде: түлкі (1994 ж), ақтышқан Машенька (1995 ж), Боз бие (1999 ж), Сұлу бикеш (1998 ж) т.б. рольдерді тамаша ойнады. Тағдыры да, жасы да, ұлты да әр түрлі, әр қилы 70-тен аса образдар жасап, халықтың сый-сияпатына, ризашылығына бөленіп жүрген табиғи дарын иесі.

Ол өзіне де, өзгеге де зор талап қоятын талғамы өте жоғары кемелденген маман. Қоғамдық жұмыстан қол үзген емес. 1987-1989 жылдары қалалық маслихат кеңесінің депутаты, көп жылдар театрдағы көркемдік кеңес мүшесі, «Қазақстан театр қайраткерлері Одағы» жергілікті бөлімшесінің төрайымы болды. Қосымша «драма», «тіл мәдениеті», «мәнерлеп оқу» үйірмелерінде жұмыс істейді, жас ұрпақтың әсем де рухы биік азамат болып қалыптасуына ат салысуда. Осы еңбектері үшін ол «КАТЕV» халықаралық қоғамдық қорының алғыс хаттарымен, құрмет грамоталарымен марапатталды.

1999 жылы Бішкек қаласында өткен «Ш.Айтматов және Театр» атты халықаралық театр фестивалінде «Сократ түні» спектаклінде ойнаған үш ролі

үшін «Ең үздік әйел бейнесі» жүлдесіне ие болды. Ал 2003 жылы Н.Сақтың 100 жылдығына арналған Республикалық театр фестивалінде «Құлыншақ пен Бөлтірік» спектакліндегі Ана Дала ролі үшін фестиваль лауреаты және 2011 жылы театр өнеріндегі айырықша шығармашылық табыстары үшін жылдың «Ең үздік актрисасы» атанып, Қазақстан театр қайраткерлері Одағының «Еңлікгүл» кәсіби сыйлығының лауреаты атанды. 2012 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

Гүлбаршын Өскенбаева



Гүлбаршын Өскенбаева 1942 жылы 5 қазанда Алматы облысы Жамбыл ауданы Қара-Қастек ауылында туылған.

«Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағының иегері.

1965 жылы Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесін актерлық мамандық бойынша бітірген.

1964-2013 жылдар аралығында Жамбыл облыстық қазақ драма театрында үздіксіз 50 жылға жуық актрисалық қызмет атқарып, театр өнерінің дамуына зор үлес қосқан майталман өнер иесі.

Ол осы жылдар аралығында 100-ден аса басты кейіпкерлер образдарын сомдап, өзін сахна өнерінің хас шебері ретінде танытты.

Сахнада ең алғаш рет сомдаған ролі «Алдар Көседегі» Қарашаш бейнесі болса, одан кейінгі жылдары ол, Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-айында!» - Айсұлу, Б.Тәжібаевтың «Қаракөз қарындасымында» - Адалис, М.Әуезовтің «Қаракөзінде» - Қаракөз, «Еңлік - Кебекте» - Еңлік, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында» - Баян, Н.Островскийдің «Жазықсыздан жапасында» - Аннушка, Ә.Әбішевтің «Белгісіз батырында» - Самал, Ш.Айтматовтың «Арманым, Әселімінде» - Әсел, Ш.Құсайыновтың «Тоты-Тамилласында» - Тоты-Тамилла, Ғ.Мүсіреповтің «Амангелдісінде» - Бану, Ш.Мұртазаның «Сталинге хатында» - Арифа, А.Шамкеновтің «Үзілген жібінде» - Назгүл, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасында» - Милат, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтоқтысында» - Ақтоқты, Ш.Айтматовтың «Ана-Жер анасында» - Алиман, М.Каримнің «Ай тұтылған түнінде» - Зубаржан, О.Бодықовтың «Қанжар мен домбырасында» - Айша, Р.Гамзатовтың «Тау қызында» - Вера Васильевна, М.Байжиевтің «Жекпе-жегінде» - Нази, М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» - Шолпан, С.Жүнісовтің «Қызым, саған айтамында» - Рәзия, С.Шәймерденовтің «Қайдасың, Заринасында» - Зарина, Ш.Айтматов пен Қ.Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуінде» - Гүлжан, М.Шолоховтың «Тынық Донында» - Дарья, Аксинья және тағы басқа да көптеген басты рольдерді сомдап, әрдайым жоғары актерлық шеберлігімен танылып, көрермен жұртшылықтың ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді.

Г.Өскенбаева бірнеше рет Жамбыл қалалық халық депутаттары кеңесіне депутат болып сайланды. Жоғары басшылық органдар тарапынан көптеген Құрмет Грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

1986 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағына ие болған.

Әтіркүл Дүйсекенова



Дүйсекенова Әтіркүл

Әтіркүл Дүйсекенова 1940 жылы 5 қарашада Жамбыл облысы Жуалы ауданы Киров атындағы колхоздың Ынтымак ауылында туылған.

«Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағының иегері.

1958 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, актерлық студияны аяқтап, Жамбыл облыстық қазақ драма театрына актрисалық қызметке қабылданған.

Осы қасиетті өнер шаңырағында 2002 жылға дейін үздіксіз еңбек етіп, қырық бес жылдан аса уақыт театр өнерінің дамуына зор үлес қосқан майталман өнер иесі.


Ол осы жылдар аралығында 100-ден аса басты кейіпкерлер образдарын сомдап, өзін сахна өнерінің хас шебері ретінде танытты.

Ол әр жылдары М.Әуезовтің «Қаракөзінде» - Қаракөз, «Еңлік - Кебекте» - Еңлік, «Айман-Шолпанында» - Айман, Сәрсекөв пен Жақыповтың «Зәурешінде» - Зәуреш, Ш.Айтматовтың «Бетпе-бетінде» - Смайылдың анасы, Ә.Тәжібаевтың «Көңілдерінде» - Маржан, Б.Әбілдаевтың «Айша бибісінде» - Бабаджа хатун, Ш.Құсайыновтың «Алдар көесінде» - Меңсұлу, М.Шолоховтың «Тынық Донында» - Ильинична және тағы басқа да көптеген басты рольдерді сомдап, әрдайым жоғары актерлық шеберлігімен танылып, көрермен жұртшылықтың ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді.

Жоғары басшылық органдар тарапынан көптеген Құрмет Грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

1986 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағына ие болған.

Әбиірбек Берденұлы Тінәлі



Әбиірбек Берденұлы Тінәлі 1957 жылы 22 сәуірде Жамбыл облысы, Талас ауданы, «Ойық» совхозында дүниеге келген

Белгілі сазгер-әнші, талантты актер. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

1974 жылы туған ауылындағы «Ойық» орта мектебін бітірген соң, Талас аудандық мәдениет үйінде қызмет істеген.

1975-1977 жылдары Жамбыл мәдени-ағарту училищесінің театр бөлімінде оқып, оны бітірген соң, 1977 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі еңбек жолы театр өнері саласында жалғасуда. Атап айтқанда, осы жылдар ішінде Жамбыл облыстық қазақ драма театрында - актер, музыка бөлімінің меңгерушісі, Алматы облыстық Б.Римова атындағы қазақ драма театрында музыка бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Соңғы жылдары Жамбыл облыстық қазақ драма театрында музыка бөлімінің меңгерушісі, актер қызметтерін жемісті атқарып, театрдың шығармашылық жұмыстарының өркендеуіне айтулы үлес қосуда.

Ә.Тінәлі еңбек жолын театр өнеріне арнаған осы жылдар ішінде көптеген қойылымдарға артист ретінде қатысып, талай-талай кейіпкерлер образын сәтті сомдап шықты.

Ал, театрдың музыка бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған жылдары жүздеген қойылымдарды музыкалық жағынан әрлеп, олардың сахнаға әр алуан саз түрлеріне бөленіп, көрерменге үлкен әсер беретін дәрежеге жеткізіліп шығарылуына зор үлесін қосып келеді.

Ә.Тінәлі 2015-2016 жылдары У.Шекспирдің «Отелло», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Д.Исабековтің «Тыныштық күзетшісі», Қ.Ысқақ пен Ш.Құсайыновтың «Қазақтар» драмалары негізінде дайындалған сахналық қойылымдарды музыкалық жағынан әрлеп, олардың сахнаға сәтті шығарылуын қамтамасыз етті.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып қойылған Д.Исабековтің «Тыныштық күзетшісі» драмасына арнап, Б.Бекжановтың «Соғыстың соңғы солдатты» өлеңіне арнайы ән жазды.

Жоғары басшылық органдар тарапынан көптеген Құрмет Грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

2001 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болған.

ҚҰРМЕТ БИІГІ

*(Жамбыл облыстық қазақ драма театрының
әр жылдары мемлекеттік жоғары атақтарға ие болған
өнер қайраткерлері)*

1. Борис Ареньевич Лурье, 1944 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
2. Шәріпбай Сәкиев, 1944 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
3. Фатима Нұрымова, 1944 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
4. Сатылған Атамқұлов, 1946 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
5. Қали Қасымбеков, 1946 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
6. Күләш Сәкиева, 1946 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
7. Мұхаметқали Табанов, 1961 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
8. Гүлжамал Батырғалиева, 1965 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
9. Шәріпбай Сәкиев, 1966 жылы «Қазақ ССР-інің халық артисі» атағына ие болды.
10. Алтын Ружева, 1966 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
11. Мақсұт Салықов, 1966 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
12. Тілек Ерғалиев «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
13. Оразғали Әбділманов, 1973 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
14. Алтын Ружева, 1976 жылы «Қазақ ССР-інің халық артисі» атағын алды.
15. Жорабек Шүленбаев, 1976 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.
16. Мәкен Рахымжанова, 1986 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

17. Әтіркүл Дүйсекенова, 1986 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

18. Гүлбаршын Өскенбаева, 1986 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

19. Асқарбек Сейілхан, 1990 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

20. Қарабай Сатқанбаев, 1994 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

21. Мәкен Рахымжанова, 1996 жылы «Қазақстанның халық артисі» атағына ие болды.

22. Майра Әлімбетова, 1998 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағына ие болды.

23. Әбиірбек Тінәлиев, 2001 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

24. Гүлшат Қыпшақова, 2012 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

25. Нұрсифат Салықова, 2016 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Театрдың арнайы атақ-дәреже белгілеріне ие болған өнер қайраткерлері

1. Григорий Семенович Поплавский, 1966 жылы, «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» белгісінің иегері атанды.

2. Жорабек Шүленбаев, 1968 жылы «Үздік еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

3. Тұрар Дүйсебаев, 1976 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

4. Молдаш Сәкиев, 1976 жылы «КСРО-ның үздік мәдениет қызметкері» белгісінің иегері атанды.

5. Владимир Александрович Воложанкин 1994 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері» белгісінің иегері атанды.

6. Талғат Сұлтангереев, 2000 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

7. Жүніс Әлімбеков, 2005 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

8. Шәмшәгүл Жәменкеева, 2006 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

9. Жұмахан Әбдіқадыров, 2006 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

10. Алтай Сәтібеков, 2006 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

11. Болат Бекжанов, 2009 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

12. Әлібек Әмзеұлы, ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

13. Несіпкүл Омарбекова, ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

14. Төлентай Жүршиев, ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

15. Рахима Тезекбаева, ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

16. Нұрсифат Салықова, ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері атанды.

17. Құрақ Оразбаев, 2013 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» белгісінің иегері атанды.

18. Галина Қойшыбаева, 2015 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» белгісінің иегері атанды.

19. Рахат Сапаралиева, 2016 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» белгісінің иегері атанды.

20. Әнәпия Ахмет, 2016 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» белгісінің иегері атанды.

21. Айжан Атымтаева, 2016 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» белгісінің иегері атанды.

Театрдың орден, медальдарға ие болған өнер қайраткерлері

1. Күләш Сәкиева, 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденіне ие болды.

2. Сатылған Атамқұлов, 1945 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

3. Жомарт Абызбаев, 1945 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

4. Раушан Досжанова, 1945 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

5. Мұхаметқали Табанов, 1945 жылы «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталды.

6. Фатима Нұрымова, 1945 жылы «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталды.

7. Маутай Жұмағұлов, 1946 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

8. Қали Қасымбеков, 1946 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

9. Фатима Нұрымова, 1946 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

10. Сарби Абаева, 1946 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

11. Әбубәкір Ордабаев, 1946 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

12. Жомарт Абызбаев, 1946 жылы «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталды.

13. Гүлжамал Батырғалиева, 1961 жылы, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

14. Мәкен Рахымжанова, 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденіне ие болды.

15. Жорабек Шүленбаев, 1980 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

16. Владимир Воложанкин, 1986 жылы КСРО халық артисі А.Попов атындағы күміс медальмен марапатталды.

17. Алтай Сәтібеков, 1986 жылы «Бесжылдықтың жас гвардияшысы» төсбелгісімен марапатталды.

18. Спандияр Мұқышев, 2000 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

19. Үмбет Әлжанов, 2001 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

20. Қуандық Қасымов, 2001 жылы «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

21. Әлібек Әмзеұлы, 2005 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

22. Мәкен Райсханова, 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

23. Болат Бекжанов, 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

24. Анар Сағымбекова, 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.